



Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

Тамыз 2024

Жылдық инфляция 2024 жылғы тамызда 8,4%-ды құрады (шілдеде – 8,6%). Азық-түлік тауарлары бағасының жылдық мәндегі өсімі 5,5%-дық деңгейде (шілдеде – 5,5%) өзгеріссіз қалды. Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы 7,7%-ға дейін (шілдеде – 7,3%) жеделдеді, ал ақылы көрсетілетін қызмет бағасы 13,6%-ға дейін (шілдеде – 14,5%) баяулады.

Өңірлер бөлінісінде жылдық инфляция 8 өңірде жеделдеді, 8 өңірде баяулап, 4 өңірде өзгеріссіз қалды. Жылдық инфляция 10 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары қалыптасты. Инфляцияның ең жоғарғы мәні Астана қаласында (10,5%) және Маңғыстау облысында (10,2%) тіркелді.

1-сурет. Өңірлердегі жылдық инфляция (2023 тамыз – 2024 тамыз), %-бен

Астана қ.	13,9	10,5
Маңғыстау	13,1	10,2
Павлодар	12,3	9,6
Атырау	11,0	9,4
Қарағанды	13,5	9,4
Шығыс Қазақстан	12,9	9,2
Солтүстік Қазақстан	13,9	9,1
Батыс Қазақстан	12,6	9,0
Ақтөбе	12,5	8,6
Алматы қ.	13,7	8,6

Қазақстан Республикасы	13,1	8,4
Жетісу	13,2	8,3
Ақмола	14,1	8,2
Абай	12,4	8,1
Қостанай	12,8	7,8
Қызылорда	13,3	7,7
Шымкент қ.	12,3	7,5
Түркістан	13,1	7,5
Жамбыл	13,3	7,4
Ұлытау	12,7	6,6
Алматы	12,3	5,2

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда азық-түлік тауарлары ел бойынша қалыптасқан деңгейден (ж/ж 5,5%) жоғары Алматы қаласында (8,3%), Маңғыстау (7,2%), Жетісу (7,1%), Атырау, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан (6,5%-дан), Батыс Қазақстан (5,9%), Павлодар және Абай (5,7%-дан) облыстарында қымбаттады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсімі Маңғыстау (13,0%), Түркістан (12,5%), Қарағанды (9,6%), Батыс Қазақстан (8,9%), Солтүстік Қазақстан (8,5%) облыстарында, сондай-ақ Астана мен Шымкент қалаларында (8,0%-дан) елдегі деңгейден (ж/ж 7,7%) жоғары болды.

Ақылы көрсетілетін қызмет бағасы мына өңірлерде жалпы республикалық деңгейден жоғары (ж/ж 13,6%) өсті: Павлодар (18,9%), Атырау (17,8%) облыстарында, Астана қаласында (17,7%), Жамбыл (16,0%), Шығыс Қазақстан (15,6%), Ақмола (15,3%), Ақтөбе (15,0%), Батыс Қазақстан (14,9%), Абай (14,5%), Солтүстік Қазақстан (14,3%), Қарағанды (14,1%), Қызылорда және Жетісу (13,8%-дан) облыстарында.

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі компоненттері, %-бен, ж/ж

Өңір	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлікке жатпайтын инфляция	Ақылы қызметтер инфляциясы
Қазақстан Республикасы	5,5	7,7	13,6
Ақмола	5,5	6,6	15,3
Ақтөбе	5,3	7,2	15,0
Алматы	4,3	5,4	7,7
Атырау	6,5	7,6	17,8
Батыс Қазақстан	5,9	8,9	14,9
Жамбыл	4,7	6,4	16,0
Қарағанды	5,4	9,6	14,1
Қостанай	4,8	6,7	13,1
Қызылорда	5,1	6,8	13,8
Маңғыстау	7,2	13,0	11,8
Павлодар	5,7	6,8	18,9
Солтүстік Қазақстан	6,5	8,5	14,3
Түркістан	3,0	12,5	10,4
Шығыс Қазақстан	6,5	7,5	15,6
Астана қ.	3,1	8,0	17,7
Алматы қ.	8,3	6,1	11,0
Шымкент қ.	4,1	8,0	12,1
Абай	5,7	5,7	14,5
Жетісу	7,1	5,7	13,8
Ұлытау	4,1	7,1	10,0

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2024 жылғы тамызда елде **айлық инфляция 0,6%** болды. Бұл бұрынғы орташа мәнненⁱ (2017-2021 жылдардағы тамызда 0,2%) жоғары. Айлық инфляцияның ең жоғарғы мәні Алматы қаласында (1,2%) байқалды.

2-кесте. 2024 жылғы тамыздағы айлық инфляцияны 2017-2021 жылдар кезеңіндегі орташа мәнмен салыстыру, %-бен

Өңірлер	5 жылғы тамыздағы орташа мән	2024 жылғы тамыз	Өңірлер	5 жылғы тамыздағы орташа мән	2024 жылғы тамыз
Қазақстан Республикасы	0,2	0,6	Жамбыл	0,2	0,4
Алматы қ.	0,3	1,2	Астана қ.	-0,1	0,4
Түркістан	0,6	0,9	Ақмола	0,3	0,3
Атырау	0,4	0,8	Маңғыстау	0,3	0,3
Шығыс Қазақстан	0,1	0,8	Шымкент қ. ⁱⁱ	0,3	0,3
Қызылорда	0,4	0,7	Жетісу	-	0,3
Абай	-	0,7	Қарағанды	0,0	0,2
Батыс Қазақстан	0,2	0,6	Павлодар	0,0	0,2
Ақтөбе	0,2	0,5	Ұлытау	-	0,2
Қостанай	0,1	0,5	Алматы	0,1	0,1
Солтүстік Қазақстан	0,2	0,5			

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есебі

ⁱ Орташа тарихи мәндерді есептеу кезінде 2022 жылғы деректер есепке алынбайды, себебі бұл қомақты деректер.ⁱⁱ Шымкент қаласы бойынша соңғы 4 жылдағы (2018-2021 жж.) орташа мән